



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазак



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТИ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№44

(876)

5 қараша

2021 жыл

ӨЗЕКТІ



КЕСЕЛ

ОРЫНДАЛМАҒАН АРМАН



Америкада тіл үйреніп, ақша табамыз деген 100-ден астам отандасымыз сан соғып қалды. Оқуды енді бітірген жастар Husta La Viza компаниясына 2 мың доллардан санап беріпті. Агенттік оларға «виза, медициналық сақтандыру жасап, АҚШ университетіне түсіреміз» деп уәде еткен. Алайда елдегі танымал вайнерлер, блогерлер мен спортшылар жарнамалаған компания өткен айдан бері кеңселеріне құлып салып, өздері хабар-ошарсыз кеткен. Сондықтан Америкаға барамыз деген арманның жетегінде жүріп, жем болған жастар полицияға шағым түсірді.

(Жалғасы 3-бетте)

МІНБЕР

Таяуда алдағы үш жылдың бюджеті бекітілді. Мемлекет қазынасынан бөлінетін қаражат тиімді жұмсалып, тиісті жеріне жетсе, көп шаруа оңынан шешілері сөзсіз. Бұл, әсіресе, әлеуметтік салаға қатысты. Парламент Мәжілісінің депутаты, «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшесі Әлия Маратқызы Әбсеметовамен сұхбатымыз осы тақырыпта өрбіді.

Әлия ӘБСЕМЕТОВА, Мәжіліс депутаты:

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛАҚЫСЫ МАРДЫМСЫЗ



Jas qazaq: Әлия Маратқызы, алдағы үш жылдық бюджет бекітілді. Бөлінетін қаражаттың жартысынан астамы әлеуметтік салаға бағытталмақ. Рас, бізде қордаланып қалған шаруаның дені осы әлеуметтік салада. Алғашқы сауалды өзіміздің мамандыққа қатысты қойсақ. Өзіңіз де журналист, медиа-волонтер болып жұмыс істедіңіз. Осы үш жылдық бюджеттен ешқандай мәртебесі жоқ журналистер қауымына арнап, әлеуметтік тұрғын үй де салу керек шығар?

Ә.Әбсеметова: Ел дамуының барлық қыры, барлық аспектілерінің түп негізі, іргетасы болып, мемлекеттің әлеуметтік хал-ахуалы тұратынын ұмытпауымыз қажет. Үкімет тарапынан әлеуметтік салаға қаражаттың көптеп бөлінуі, әрине, қуанарлық жайт. Осы уақытқа дейін әлеуметтік сала қызметкерлері, мойындау керек, мардымсыз жалақыға еңбек етіп келді. Сол себепті, олардың еңбегін елеп, ынталандыра түсу маңызды. Расымен де, еңбектері зор. Енді, әлеуметтік саладан бөлек, елімізде басқа да саланың мамандары бар. Журналистер, өнер адамдары, техникалық-кәсіптік мамандық иелері және тағы да басқалары. Олар да, әлбетте, қолдауға, көмекке мұқтаж. Әсіресе, жастар үшін тұрғын үй мәселесі бірінші кезекте тұр. Жалпы кез келген салада сапа болуы үшін, білікті кадрлар болуы үшін мамандардың әлеуметтік жағдайы дұрыс болуы керек деп есептеймін. Сондықтан сіз көтеріп отырған мәселе де орынды. Негізінде, қазіргі таңда бірқатар жас мамандар «Алматы жастары» сынды шарттары жеңілдетілген бағдарламалармен үй алып жатыр. Олардың қатарында көптеген журналист әріптестеріміз де жоқ емес. Менің ойымша, болашақта бұл мәселе қолға алынатын болады. Бұл бірден емес, кезең-кезеңімен шешілетін дүние деп ойлаймын.

Jas qazaq: Мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтік көмегі, көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы, басқа да төлемдердің мөлшері тым мардымсыз. 10-20 пайыз деп алдаусыратпай, неге екі-үш еселеп көтермейміз?

Ә.Әбсеметова: Мемлекет тарапынан көрсетілетін барлық жәрдемақылар мен көмектер мемлекеттік бюджеттің мүмкіндігіне қарай, экономикалық жағдайға сәйкес қарастырылады.

(Жалғасы 3-бетте)

РАҚЫМШЫЛЫҚ

1000 АДАМ БОСТАНДЫҚҚА ШЫҒАДЫ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, 2 236 сотталушыға, пробациялық бақылауда тұрған 11 310 адамға рақымшылық жасалады. Нәтижесінде 1 мың адам қамаудан бостандыққа шығады, 3 818 адам пробациялық бақылаудан босатылады. 1294 сотталушының, пробацияда тұрған 7 492 адамның жаза мерзімі қысқартылады.



Дереккөзі: Ішкі істер министрлігі



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
81,28

DOLLAR
429,27

EURO
497,5

РУБЛЬ
5,97



JAS QAZAQ
ГАЗЕТИНІҢ
TELEGRAM-
КАНАЛЫНА
ЖАЗЫЛҢЫЗДАР!

ТАРИХ

Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Жошы Ұлысын зерттейтін ғылыми институт құрылды. Оның алдында, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орайластырып, Атырауда «Ұлық Ұлыс – Алтын Орда» халықаралық конференциясы өткен еді. Алқалы жиында Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев баяндама жасады.

Отандық және шетелдік белгілі тарихшылар жиналған басқосудың мақсаты — орта ғасырдағы қуатты мемлекет Алтын Орданың тарихи мұрасын жан-жақты талқылап, оған лайықты бағасын беру. Дәурен Абаевтың айтуынша, Алтын Орданы зерттеу ісінде маңызды орталық ретінде Атырау өңірінің тандалуы бекер емес. Атырау — ұлан-байтақ Отанымыздың батыс қақпасы, мұнайлы астана, халқымыздың біртуар ұлдары дүниеге келген өнерлі де өнегелі өлке.

Жайықтың жағасында Сарайшық қаласы орналасқан. Қаланың өркен жайып, танылған тұсы да Алтын Орда кезеңіне сәйкес келеді. Ұлы Жібек жолының Сарай-Берке мен Хорезмді байланыстырған солтүстік бағыты осы Сарайшық қаласы арқылы өткен. Мұнда сауда-саттық, мәдениет пен сәулет өнері қарыштап дамыды. Қалада бірегей сұ қурылыстары жасалып, өзінің ақшасы басылды. Орыс

Орда жобасын қайта жаңғыртып, Жошы Ұлысының аумағын, онда тұратын халықты біріктіру еді. Жылдар өте бұл жобаны ұлы хандарымыздың бірі — Қасым хан жүзеге асырды. Ол Орынбордан Мәуреннахрға дейінгі алып аймақты бағындырып, билік жүргізді.

Елбасы 2014 жылы Ұлытаудың төрінде берген сұхбатында Алтын Ордадан Қазақ хандығына дейінгі сабақтастық желісін айқындап бергені бекер емес.

Бұл идеяны Шокан Уәлихановтың казактар өздерін алтынордалықтардың

Д.Абаев: «Осы жеті бағыттың негізінде өз заманында Алтын Орда жобасы жүзеге асырылды. Олардың мүлтіксіз орындалуы Ұлық Ұлыстың өркен жайып, дәуірлеген ғасырына жол ашты. Бұл негізгі қағидалар бүгін де бізді болашаққа батыл көз тігіп, ХХІ ғасыр талабына сай жаңғыруға бастайды», — делі.

Президент бір мақаласында «тарихпен саясаткерлер емес, тарихшылар айналысуы керек» деп бекер айтқан жоқ. Басты мақсат — ұлттық болмысты қалыптастырып, тарихи жадыны қайта құру және қазақстандық



патриотизмді нығайту. Осы ретте идеология саласындағы түйткілдің бәрін «Алтын Орда» шешеді деуге болмайды. Бұл — төл тарихымызды шынайы тәуелсіз және егемен

мемлекет ұстанымы тұрғысынан түсіндіру бойынша атқарылып жатқан ауқымды әрі кешенді жұмыстың бір бөлігі. Ол үшін тарих ғылымын фрагменттік пен бір жақтылықтан арылту, ұжымдық тарихи жалтын негізі ретінде тарихтың жана жалпыазаматтық моделін құру, дала өркениетін дамудан тысқары деп сипаттайтын еуроцентристік көзқарасты енсеру сияқты міндеттерді қамтиды.

Дәурен Абаев «Алтын Орда» тақырыбын насихаттау бойынша бірқатар бастаманы Мемлекет басшысы мақұлдағанын жеткізді. Сөз соңында ол: «Бұл — ғалымдар мен сарапшылардың атсалысуымен ғана жүзеге асатын жұмыстар. Тізе қосып қимылдасақ қана жоғарыда айтылған өршіл мақсаттарға қол жеткіземіз. Біз ұсыныстар мен бастамаларды әрдайым құптаймыз, нәтижелі диалог орнатуға дайынбыз», — деп түйіндеді.

Талап ТІЛЕГЕН

АЛТЫН ОРДА – ҚАЗАҚ ҰЛТЫ МЕН МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ

жазбаларында «мейірімді патша» аталып, Венеция мен генуялық отарлаушыларға ықпал еткен Өзбек ұлы Жәнібек хан осы Сарайшық қаласында таққа отырған.

Өз сөзінде Дәурен Абаев: «Алтын Орда — тамыры терең тарихымыздың бір парағы ғана емес. Бұл — қазақ ұлты мен мемлекеттілігінің алтын бесігі», — деп атап көрсетті. Сан түрлі ұлыстар мен ру-тайпалардан құралған Ұлық Ұлыстың қазанында қайнап, жеке ұлт болып қалыптастық, дербес хандық құрдық. Бұған тарихпен әсіре мақтану деп емес, генетиктер дәлелдеген дерек деп қараған жөн. Оған қоса, Жошы Ұлысы — дала мемлекеттілігінің архетипі, бастау бұлағы. 1465 жылы Керей мен Жәнібек хандар негізін қалаған Қазақ хандығының құрылу себебін Әбілқайырға көңілі толмаған 200 мың халықтың үдере көшкені деп қана қарастыруға болмайды. Д.Абаевтың пікірінше, қандай күшті болса да, өкпе мен реніш мемлекет құраушы идея бола алмайды. Сол үшін алғашқы хандарымыздың түпкі ойы — Алтын

ұрпағы санап, құрметтейді деген сөзі де қуаттай түседі. Бұл бұрыннан белгілі деректер, талас тудырмайтын айғақтар. Сан ғасыр өтсе де, Алтын Орданың мәні мен маңызының халқымыздың санасында берік сақталуы сондықтан.

«Жана елордамыз — Нұр-Сұлтан қаласын Ұлы далада өсем шаһарлар салған Ұлық Ұлыс билеушілері ғұрпының жалғасы деуге болады», — деген Дәурен Абаев биылғы мамыр айында Елордада өткен конференцияда айтқан ХХІ ғасырдағы алтынордалық 7 қағидаға тоқталды. Олар: 1. Мықты «билік вертикалі» арқылы орталықтан басқарылатын мемлекет. Бұл өзіне сеніп тапсырылған жұмысқа лауазымды тұлғаның дербес жауап беруін білдіреді. 2. Меритократия немесе басшылыққа лайықты адамдардың келуі. 3. Әкімшілік басқарудың тиімділігі. 4. Ғылым-білім ғұрпы. 5. Диалог мәдениеті. 6. Дипломатия мәдениеті. 7. Адами құндылықтар.

Аптаның ескертуі



Данияр ТҰРҒАМБАЕВ,
экология,
геология
және табиғи
ресурстар
министрлігі,
орман
шаруашылығы
және жануарлар
дүниесі комитеті
төрағасының
орынбасары:

«ҚР ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ «ОРМАН ФАУНАСЫН ЖОЮ НЕМЕСЕ БҮЛДІРУ, СОНДАЙ-АҚ ОРМАНДЫ ҚАЛДЫҚТАРМЕН, ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАРМЕН БҮЛДІРУ, ЛАСТАУ ЖӘНЕ ОРМАН ҚОРЫНЫҢ ЖЕРЛЕРІНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЗАЛАЛ КЕЛТІРУ» ТУРАЛЫ 372-БАБЫ БОЙЫНША, ЕРЕЖЕ БҰЗҒАНДАРҒА 10 АЕК КӨЛЕМІНДЕ АЙЫППҰЛ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН. ЗАҢНАМАҒА ЕНГІЗІЛЕТІН JAҢА ТҮЗЕТУЛЕРГЕ СӘЙКЕС, ЕНДІ БҰЛ АЙЫППҰЛ МӨЛШЕРІ 20 АЙЛЫҚ ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШКЕ ДЕЙІН ӨСЕДІ. АЛ ЕГЕР БІР ЖЫЛДА ОСЫ ӘРЕКЕТІН ҚАЙТАЛАСА, АЙЫППҰЛ ТАҒЫ ЕКІ ЕСЕ ӨСЕДІ».



Аптаның сауалы

Әсет ЕРҒАЛИЕВ,
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРІ:

«Тамаққа күніне 50-60 мың теңге жұмсаймыз. Басқалар сияқты нан, сүт, қант сатып аламыз. Біз де сіздер сияқты отбасымыз». *(Журналистердің қойған сауалына министр осылай жауап берді. «Белкім, айына шығар?» деп сұрағанда, «Иә, айына» деді).*

Сонымен, 50-60 мың теңге күніне ме, өлде айына?



Кесте

ҚАЙ КӘСІПКЕ СҰРАНЫС КӨП?

(2021 ЖЫЛ, ҚЫРКҮЙЕК)



Мұғалім	18 000
От жағушы	3000
Күзетші	2300
Көлік жүргізуші	2000
Тәрбиеші	2300
Заңгер	331
Қаржыгер	24

Дереккөзі: enbek.kz

Әлеумет.т⁰

БЕС ҚАРУДЫ САЙЛАМАЙ...

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет саласында жана реттеушілік саясатты енгізу мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын таныстырды.

«Таза парактан» реттеудің жана тәсілдері мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылының негізгі қағидаттарын жетілдіруді, «1 in 2 out» қағидатын енгізуді, міндетті талаптар тізілімін, бизнес есептілігін цифрландыруды және мемлекеттік бақылауды жетілдіруді көздейді. Кәсіпкерлік қызметті реттеудің жана тәсілдерін іске асыру бизнеске жүктемені түбегейлі азайтуға және жана экономикалық шыныдық жағдайында іскерлік белсенділікті дамытуға серпін береді» деп сендірген заң жобасының бірінші оқылымдағы олқылығы орасан болып шықты.

Парадокстың көкесі Парламентке құжатын қолтықтап алып құстай ұшып келетін министрлердің заң жобасын ұсынғанда туа ма дейсің кейде. Атыраудан Алтайға дейінгі, Баянауыл баурайынан Қазығұрттың қолаттарына дейінгі атырапты алып жатқан, қиыр, қуыстағы ауылдардың ғаламтормен толық жабдықталмағанын біле тұра, электронды жүйеге өтеміз деуі парадокс емей немене?!

Екі қадамды бір адыммен-ақ алуға асыққан ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев құшағына қысып әкелген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет саласында жана реттеушілік саясатты енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымда талқылауға ұсынған.

Карантиндік шектеу мен локадауның шідерлеуінен әбден қажып, қарызға мелдектеген кәсіпкерлерге салық есептерін тапсыруды электрондық жүйеге өткізу талабы қойылса, жығылған үстіне жұдырық болатыны даусыз. Экономиканың алтын өзегі, әлеуметтің қажетін өтейтін шағын және орта кәсіпкерлікті көркейтуге септігін тигізеді деген заң жобасы әлі де шикі. Бір қайнауы кем заң жобасын таныстырған министр Әсет Ерғалиев салық есептерін тапсыруды электронды жүйеде жөнелту керек деді. Ана тілінен гөрі ресми тілде сөйлеуді тағалаған жорғадай көретін ведомство басшысы кәсіпкерлерді қағазбастылықтан құтқарғысы келген болуы керек. Бірақ онысы депутаттарға өте қойған жоқ. Мәжілісмендер құжаттарды тапсыру рәсімін қағаз жүзінде де, электронды нұсқамен де, яғни кәсіпкерге қайсысы қолайлы, сол бағытпен тапсыру керек деді. «Ол да дұрыс екен» деді министр. Ақырында үй тапсырмасын шалағай орындап, шатып-бутқан баладай Мәжіліс төрағасынан сөз естіді. Ұрсатындай да жөні бар. Расында да, ұлттық экономика министрлігі заң жобасын депутаттар талқысына түсірмей тұрып, кәсіпкерлерді қолдау, қорғау ұйымдарымен, «Атамекен» палатасымен ақылға салып, өзара талқылап, тиімділігін саралауы керек еді. Цифрландыруды сүйегінен өткізе сіңіріп алған ба, министр электронды жүйеде құжаттарды, есептерді тапсыруға көшіріп, оны уақытында орындай алмағандарға аямай айыппұл салып, жауапкершілікке тарту керектігін де жүктеп қойыпты.

Шалғай ауылдарда ғаламтордың жетіспеушілігі, интернет желісі барған күннің өзінде тартуы нашар екені былтырғы онлайн оқу кезінде оқушы мен ата-анаға, мұғалімге аяздай батты. Ғаламтордың ұстайтын нүктесін іздегендер үйдің шатырына, терек, талдың ұшар басына өрмеледі, дөң-дөнесті қуалап, тау-белесті асып, ғаламтор іздеп кеткендері қаншама. Соған қарамастан, электронды жүйені тықпалау ақылға қонымсыз. Министрдің бес қаруды сайлап алмай, ұрандатуы қалай? Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі еліміздегі барлық ауылдардың интернетпен қамтылуы 2025 жылы бітеді деп отыр. Сондықтан бұрынғы тәртіп бойынша, шағын кәсіпкерлікті дамытушы кәсіпкерлер құжаттарын қадағалаушы органдарға қағаз күйінде де және электронды нұсқасында да тапсыра бергені жөн. Әйтпесе, Мәжіліс спикері Н.Нығматулин айтпақшы, өзгеріс қабылданса, есеп-қисапты жүргізу быт-шыт болады.

Нұрдан КӨШІМБАЙ



(Басы 1-бетте)

ОРЫНДАЛМАҒАН АРМАН

Hasta La Viza компаниясына сеніп, сан соғып қалған азаматтардың саны 100-ге жуықтайды. Арман қуып Америкаға барамын дегендердің бірі — Ермұрат Ермек. Жас жігіт мұхиттың арғы бетінде



тіл үйреніп, қосымша табыс табуды жоспарлапты. Сондықтан құжат рәсімдеп, виза жасату үшін дәл осы агенттікті таңдаған. Тіпті соңғы тиын санап беріп, енді бармағын шайнап отыр.

«2 мың доллар төлем жасадық. Сәуір айында келісімшартқа қол қойдық. Бағдарлама бойынша бізді сол жақта күтіп алып, жұмыс жағын реттеуі тиіс еді. Медициналық сақтандыру жасатып, жүргізуші куәлігін ағылшын тіліне аударып береміз деді. Қосымша тіл курсың оқуымыз керек. Бірақ қыркүйектің ортасынан бастап хабарсыз қалды. Агенттіктен не жауап, не құжат жоқ», — дейді алданып қалған Ермұрат Ермек.

Жұмысын тастап жат елге кетулі жоспарлаған Индира Тапанова да алданып қалғанын айтады. Қарызға белшеден



батып, несиесін жаба алмаған соң АҚШ-қа барып, ақша табуды ойлапты. Сондықтан осы агенттікке хабарласқан.

Диас НУРАҚЫН

Шара

«Қауіпсіз өмір» жобасы аясында 2021 жылдың қазан және қараша айларында Павлодар облысының Қызыл Жарты Ай өріктері облыстың 10 ауданы мен 3 қаласында төтенше жағдайдың зардабын жою және апат қаупін азайту бойынша іс-шараны іске асырады. Өріктерілер тұрғындармен ықтимал қауіп-қатерді сараптау жұмысын жүргізеді. Аумақтардағы қауіп-қатер картасын жасап, төтенше жағдай кезіндегі тұрғындардың рөлі мен орнын анықтайды. Жоба «Шеврон» компаниясы және Орталық Азияның Еуразия қорымен серіктестік аясында «Qolda 3.0» жедел көмек бағдарламасының гранттық қаржыландыру есебінен іске асырылады.

АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

Қызыл Жарты Ай волонтерлері төтенше жағдай кезінде зардап шеккен азаматтарға алғашқы көмек көрсетеді. Павлодар облысы мұндай қызметке мұқтаж. Өйткені бұл аймақта табиғи және техногенді сипаттағы апаттық жағдай жиі болып тұрады. Атап айтқанда, су тасқыны, қардың мөлшерден тыс жаууы, қарлы боран, қатты аяз, көктайпақ, орман және дала өртінің зардабын жоюға тура келеді. Күз және қыс мезгілінде көктайпақтан жол-көлік апатының жиілеуі жолаушылардың жарақат алуына, кейде өлім-жітімге әкеп соғады.

Қазақстан Қызыл Ай қоғамы Павлодар филиалының директоры Гүлнар Исаханова былай дейді: «Волонтерлік — апатты жағдайға дайындық пен оның салдарын жоюдың тиімді құралы. Біздің ұйым ортақ іске өз үлесін қосуда. Бұл жоба түрлі тараптар үшін оң әсерін тигізеді деп ойлаймыз: жастарға пайдалы машық пен білім алуға, мемлекеттік органдарға волонтерлік ұйымдар туралы жан-жақты мағлұматқа қол жеткізуге әрі халықпен жұмыс істеу кезінде еріктілердің әлеуетін пайдалануға, тұрғындарға ең қажетті заттар мен

алғашқы көмекке қол жеткізуге мүмкіндік береді».

Волонтерлер төтенше жағдайларға дайындықтан басқа, Павлодар қалалық ішкі саясат бөлімі және Павлодар облыстық ақпарат және қоғамдық даму басқармасымен бірлесіп, шаһардағы іс-шараларға



белсенді түрде қатысып, зардап шеккендерге медициналық құтқару қызметі келгенге дейін алғашқы көмек көрсетуде. Мысалы, ағымдағы жылдың қыркүйек айында Павлодар облыстық төтенше жағдай департаментімен бірлесіп, «Қауіпсіздік» атты профилактикалық рейдке қатысты. Қазан айында жалпықалалық жәрменкеде тұрғындарды әлеуметтік қашықтық пен беттерде тауу тәртібі жөнінде хабардар етті.

(Өз тілшіміз)

Мінбер

(Басы 1-бетте)

Мүмкіндігі шектеулі жандар мен көпбалалы аналарға мемлекет тарапынан тиісті көмектер көрсетілуде. Сонымен қатар мемлекет тарапынан қолдауға мұқтаж басқа да азаматтарымыз бар.

Олардың ішінде, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар да бар. Қазіргі уақытта мемлекеттің назары осы бағытқа да аударылып отыр. Бұл ретте, 2021 жылғы 26 маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан



Әлия ӘБСЕМЕТОВА, Мәжіліс депутаты:

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛАҚЫСЫ МАРДЫМСЫЗ

Республикасының Заны қабылданды. Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 2021 жылғы 12 қазанда қол қойды.

көтеріп жүрмін. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға мемлекет тарапынан бөлінетін үйлер тегін берілсе екен деп үміт артамын.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Қуаныш КӨШЕК

Ә.Әбсеметова:

Парламент Мәжілісінің депутаты болып жұмыс бастаған күннен бастап, әріптестеріммен бірге көптеген өзекті мәселелерді көтердік. Солардың қатарында, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың түйткілдері туралы айтып, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту бойынша мәселелерді көбірек

жүйесінің өбден ескіруі тұрғындардың басқа өңірге қоныс аударуына себеп болуда.

1999 жылдан бері осындай қалалардағы тұрғындар саны 3 миллионнан 1,5 миллионға дейін азайып кетті. Бұл туралы Президент Қ.Тоқаев Екібастұз қаласына жасаған жұмыс бабындағы сапары кезінде айтты. Осынау келеңсіз үрдіс жалғаса беретін сияқты. Сол себепті, облыстың және сол өңірдің аумағындағы көші-қон процесін ынталандыру қажеттігі туындап отыр.

Мемлекет басшысы мұның онтайлы жолы ретінде даму деңгейі төмен болып табылатын шағын қаладан көшіп келген азаматтарға жеңілдетілген ипотекамен баспана беру керектігін мәлімдеді. Атап айтқанда, мұндай тұрғындар бастапқы жарна ретінде баспана құнының 10 пайызын төлеуі мүмкін. Ал жылдық сыйақы мөлшерлемесі 2-5 пайыз аралығында болуы тиіс. Үкімет пен әкімдіктер ендігі жерде осы бастаманы жүзеге асыру бағытында жұмыс істейді.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Өзекті

«Көмір өндіруші компаниялардың жедел деректері бойынша 2021 жылғы қаңтар-тамызда шамамен 68 млн тонна көмір өндірілді. Бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 98,5 пайызды құрайды. «Богатырь көмір» «Шұбаркөл көмір» және «Қаражыра» компаниялары көмір өндіруді арттырған. Жалпы барлық өңірлерде жеткілікті мөлшерде көмір қоры жинақталған, дүрлікпе мен тапшылық болмайды. Теміржол көлігі паркі көмірді толық көлемде тасымалдауды қамтамасыз етеді».

сататын орынды күзетіп әлек. Тіпті кейбір тұрғындар көлігіне қонып, апталап кезек күтуге мәжбүр.

Көкшетаулық Жудан Омаровтың айтуынша, қыста үйін жылытуға екі машина отын



қала бойынша көмір тапшылығы жоқ», — дейді.

Қара отын қала тұрғындарына жеткілікті болса, онда неге жұрт сабылып жүр? Бұл жағы түсініксіз.

Көмір тапшылығы Алматы облысы мен Көкшетауда емес,

керек екен. Ол: «Екі машина көмірдің бағасын есептеп көріңіз. Әкімдіктегілер үйіндегі пешіне жағып көрсін. Сонда ғана ол көмірден қандай қызу бар екенін көреді! Шұбаркөл көмірінің үстінде отырып, өзімізді-өзіміз қамтамасыз ете алмаймыз! Ешкім оны тегін бер деп айтып жатқан жоқ қой!», — дейді ашынып.

Қысы қатты болатын бұл өңірдің күзі де суық. Тұрғындар пеш жағуды бір ай бұрын бастаған. Азулы қыстың қарсаңында көмірсіз отырған тұрғындар, алдағы күндеріне аландаулы. Ал әкімдіктегілер көмір тапшылығы болмайды деп сендіреді.

Көкшетау қаласы әкімінің баспасөз хатшысы Жанна Әбдірахманова қалада 3150 тонна көмір бар екенін айтады. Ол: «Қазіргі теміржол түйіктарында кезектің көптігі біздегі Сандықтау, Бурабай, Зеренді ауданының өкілдері келіп, осы біздің түйіктардан көмір алады. Жалпы

шығыс өңірінде де күйіп тұр. Шығыстағы жұрттың жайы алдандатады. Ол жақтағы ауа райының қатан екенін ескерсек, көмір тапшылығы тұрғындардың — ең өзекті мәселесі. Бірнеше күннен бері көмір кезегін күткен өскемендік азамат көмір үшін өмірін қимақшы болған. «31 арна» хабарлағандай, ол үстіне бензин құйып өрттемек болған. Көмір базасына дер кезінде Өскемен қаласының полиция департаментінен өкілдер келіп, жігітті тыныштандырыпты. Ақырында көмір базасының басшылығы мен әкімдік өкілі азаматқа көмірді кезексіз, әрі әлеуметтік бағамен беріпті. Өйткені базадағы көмір қаладағы әлеуметтік осал топтарға арналған екен.

Осылайша, қыс келмей жатып, қара отын тапшылығы жұрттың жүйкесін жұқартты. Көмір үшін күрес жүріп жатыр...

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

КӨМІР ҮШІН КҮРЕС

Қыркүйекте өткен Үкімет отырысында индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұловтың берген үдесі осындай. Министрдің қандай көрсеткішке сеніп айтқаны белгісіз, қыс түспей жатып, қара отын тапшылығы еліміздің біраз өңірінде байқалды. Тіпті осы тас көмір үшін талас-тартыс басталып, ұзын-сонар көмір кезегі пайда болды.

Апта басында Алматы облысы Сарыөзек ауылының тұрғыны көмір тапшылығы жанына қатты батса керек, жүк тиегіш экскаватордың қалағына мініп, көмірмен бірге жүк көлігіне тиеді. Оқис оқиғаның видеосы әлеуметтік желіде тарап, жауапты органдар өз уәждерін айтты.

Көмір тапшылығы еліміздің Көкшетау өңірінде орын алды. Қараша айының қара суығында көмірсіз қалған жұрт «қаһары қатты қыста қалтырап жалмаймыз ба» деген үреймен отыр.

КТК арнасы хабарлағандай, отын іздеп сабылған жұрт көмір

Тұрғын үй – 2021

ӨЗ ҮЙІМ – ӨЛЕҢ ТӨСЕГІМ

немесе БАСПАНАЛЫ БОЛУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

«Үйі жоқтың күйі жоқ» демекші, тұрғын үй мәселесі әркімді де толғандырмай қоймайды. Арман болған баспанаға жетудің жолдары көп. Бүгінде отандық банктер ипотекалық несиенің түр-түрін ұсынады. Бірақ солардың арасынан ең тиімдісін таңдай білу қажет.

Жалпы ипотекалық несие алу – маңызды қадам. Ең әуелі банктер ұсынатын бағдарламаның бәрін жан-жақты зерттеп, ай сайынғы кірісті есептеу керек. «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» дегендей, әбден ойланған соң шешім қабылдаған дұрыс. Әр банктің несие алушыға қоятын талабы мен міндеттемесі әр түрлі. Сондай-ақ несие рәсімдеген кезде қосымша шығындар, сатып алатын баспананы сақтандыру сияқты шарты болады. Кейде борышкер несиені мерзімінен бұрын төлегісі келеді. Алайда банк белгілі бір мерзімге дейін қарыз толық өтелген жағдайда айыппұл тағуы мүмкін. Банктердің көбі қарыздың бір бөлігін мерзімінен бұрын төлеу немесе қайта қаржыландыру мүмкіндігін де ұсынады. Ең бастысы, несие келісімшартына қол қоймас бұрын, онымен мұқият танысуды ұмытпаған жөн.

Сонымен банктер ұсынатын ипотекалық несие қаншалықты қолжетімді? Тұрғын үй нарығы көрсеткендей, елімізде «Отбасы банк», әсіресе, жалақыдан басқа қосымша табысы жоқ азаматтарға қолайлы мүмкіндіктерді ұсынып отыр. Jas qazaq газеті оқырман қауымды осы банктің қолжетімді бағдарламаларымен таныстыруды жөн көрді.



«НҰРЛЫ ЖЕР»

«Нұрлы жер» — көппәтерлі үйлер құрылысы мен жеке тұрғын үй құрылысын дамыту аясында халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік бағдарлама.

«Отбасы банк» арқылы берілетін қолжетімді баспана жайында сөз еткенде, мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларына айрықша тоқталған жөн. Олардың ипотекалық бағдарламалардан басты айырмашылығы — пайыздық мөлшерлемесі және несие алу шарттары барынша жеңілдетілген. Мемлекеттік бағдарламалардың бірегейі — «Нұрлы жер». Ол бірнеше бағытта жүзеге асырылады.

НЕСИЕ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ – 5 ПАЙЫЗҒА ДЕЙІН (ЖТСМ – 5,2%-ДАН БАСТАП)

АЛҒАШҚЫ ЖАРНА – 20 ПАЙЫЗДАН БАСТАП

НЕСИЕ МЕРЗІМІ – 25 ЖЫЛҒА ДЕЙІН

нұсқандар мен өтініш қабылдау мерзімін білуге, ұнаған пәтерді таңдап, тұрғын үй сатып алу пулына өтініш беруге болады.

ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ ШЕКТІ БАҒАСЫ
(1 шаршы метр):

Алматы – 240 мың теңгеге дейін
Нұр-Сұлтан – 220 мың теңгеге дейін
Шымкент – 200 мың теңгеге дейін
Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Түркістан, Қарағанды, Қостанай облыстарында – 180 000 теңгеге дейін
Қалған өңірлерде – 160 000 теңгеге дейін

Байқау әкімдікте үй кезегінде тұрғандар арасында өткізіледі. Одан кейін бос пәтер қалып жатса, банк салымшылары (бірақ әкімдікте кезекте тұрмағандар) арасында қосымша байқау өтеді. Осыдан кейін қалған пәтерлер тікелей сатуға шығарылады.

→ **Есеп-қисап (KZT):**

БАСПАНА БАҒАСЫ – 10 МЛН
АЛҒАШҚЫ ЖАРНА – 2 МЛН
НЕСИЕ МЕРЗІМІ – 19 ЖЫЛ
АЙ САЙЫНҒЫ ТӨЛЕМ – 67 667

«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ»

Табысы төмен отбасыларға арналған бағдарлама. Бұл топқа көпбалалы, толық емес отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасылар кіреді.

Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтау, Атырау қалаларында несие сомасы 15 млн теңгеге дейін. Басқа қалаларда 10 млн теңгеге дейін. Бұл бағдарлама бойынша бастапқы және екінші нарықтан пәтер, сондай-ақ жер үй сатып алуға болады. «Бақытты отбасы» бағдарламасында облыстар мен үш қалада (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент) несие саны бойынша белгілі бір лимит бар екенін ескерген жөн. Шектеу облыс және қала әкімдіктерінде кезекте тұрғандардың санына пропорционалды түрде есептелген. Айталық, несие туралы мақұлданған өтініштер лимит санына жеткенде, бағдарламаға қатысуға құжат қабылдау келесі жылға дейін тоқтатылады. Бұл бағдарламаға қатысушылар арасында жеңілдетілген несиенің тепе-тең бөлінуі үшін керек. «Бақытты отбасы» бағдарламасына жергілікті әкімдікте кезекте тұрғандар ғана өтініш бере алады. Бекітілген ережеге сай, отбасындағы әр мүшеге шаққанда соңғы айдағы табыс ең төменгі күнкөріс деңгейінен 3,1 есе көлемнен аспауы керек. Биылғы ең төменгі күнкөріс мөлшері — 34 302 теңге. Тиісінше, отбасындағы әр мүшеге шаққандағы табыс 106 336 теңгеден аспауы тиіс. Айталық, отбасында алты адам (ата-ана мен 4 бала) болса, бағдарламаға қатысу үшін ең жоғарғы табыс 638 016 теңгені құрайды.

НЕСИЕНІҢ ЖЫЛДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ – 2 ПАЙЫЗ (ЖТСМ 2,1%-ДАН БАСТАП)

АЛҒАШҚЫ ЖАРНА – 10 ПАЙЫЗ

НЕСИЕ МЕРЗІМІ – 20 ЖЫЛҒА ДЕЙІН

Есеп-қисап (KZT):

ПӘТЕР БАҒАСЫ – 15 МЛН
АЛҒАШҚЫ ЖАРНА – 1,5 МЛН
МЕРЗІМІ – 19 ЖЫЛ
АЙ САЙЫН – 79 МЫҢ

«АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ»

«ОТБАСЫ БАНКІНІҢ» КЕЙ ҚАЛАЛАРДА ӘКІМДІКТЕРМЕН БІРЛЕСКЕН ТҰРҒЫН ҮЙ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БАР. СОНЫҢ БІРІ – «АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ». Бұл БАҒДАРЛАМА 35 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ, ЖҰМЫС ІСТЕП ЖҮРГЕН ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНА ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ ҰСЫНАДЫ.

НЕСИЕ СОМАСЫ – 18 МЛН ТЕҢГЕ

НЕСИЕ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ – 5 ПАЙЫЗ (ЖТСМ 5,2%-ДАН БАСТАП)

→ **Есеп-қисап (KZT):**

ПӘТЕР БАҒАСЫ – 18 МЛН
АЛҒАШҚЫ ЖАРНА – 1 800 000
НЕСИЕЛЕУ МЕРЗІМІ – 19 ЖЫЛ
АЙ САЙЫНҒЫ ТӨЛЕМ – 139 800

Жеңілдетілген несиелеу бойынша пулға үміткерлер ұпай (балл) жүйесімен іріктеледі. Бұл «Алматы жастары» бағдарламасы үшін арнайы әзірленген жүйе жас алматылықтардың баспаналы болуына септесуді көздейді. Ұпай санына неше жылдан бері некеде тұрғаны, жұмыс орны мен өтілі, мамандығы, жеке кәсіпкерлік саладағы жұмыс тәжірибесі, қаладағы тіркеу мерзімінің ұзақтығы есепке алынады.

«ШАҢЫРАҚ»

«Нұрлы жер» бағдарламасының пилоттық жобасы.

Бұл бағыт бойынша жергілікті атқару органдарында кезекте тұрған, айлық табысы отбасындағы әр мүшеге шаққанда 3,7 күнкөріс деңгейінен аспайтын жандар пәтерге қол жеткізе алады.

Кез келген жаңа тұрғын үй нысанынан пәтер сатып алуға рұқсат етілген. Әлі пайдалануға берілмеген тұрғын үйден үлескерлік келісімшарт бойынша да алуға болады. Мұндай жағдайда Бірыңғай тұрғын үй құрылыс операторының кепілдемесі болуы тиіс.

ЗАЕМНҢЫҢ ЕҢ ЖОҒАРҒЫ СОМАСЫ:

Нұр-Сұлтан, Алматы және олардың маңайындағы аумақтарда – 18 млн теңгеге дейін
Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Түркістан, Қарағанды, Қостанай облыстарында, Шымкентте – 15 млн теңгеге дейін
Өзге өңірлерде – 12 млн теңгеге дейін

↓

Есеп-қисап (KZT):

БАСПАНА БАҒАСЫ – 15 МЛН
АЛҒАШҚЫ ЖАРНА – 1,5 МЛН
МЕРЗІМІ – 19 ЖЫЛ
АЙ САЙЫНҒЫ ТӨЛЕМ – 116 500

НЕСИЕНІҢ ЖЫЛДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ – 5 ПАЙЫЗ (ЖТСМ – 5,2%-ДАН БАСТАП)

МЕРЗІМІ – 20 ЖЫЛҒА ДЕЙІН

АЛҒАШҚЫ ЖАРНА – 10 ПАЙЫЗ

ТҮЙІН

«Отбасы банк» арқылы баспанаға қол жеткізгендер туралы мәліметке тоқтала кетейік. Соңғы үш жылда кезекте тұрған 34 мың отбасы пәтер кілтін алған. Атап айтсақ: көпбалалы және толық емес отбасылар, жетімдер үйінің түлектері, мүмкіндігі шектеулі жандар, бюджет саласында жұмыс істейтіндер мен мемлекеттік қызметкерлер қоныс тойын тойлаған. Олардың дені үй кезегінде 1986 жылдан бері тұрған. Биылғы жылдың соңына дейін банк «Бақытты отбасы», «Нұрлы жер» және «Шанырақ» бағдарламалары бойынша 12 мың заем беруді жоспарлап отыр. Жалпы «Отбасы банк» арқылы баспана алып, «Өз үйім – өлең төсемім» деп қуанышқа бөленген жандар көп. Сіз де аталмыш бағдарламаларға қатысып, баспаналы болу бақыты бұйырғандардың қатарынан табылып, арманыңызға қол жеткізе аласыз!

«ӘСКЕРИ БАСПАНА»

Елімізде әскери қызметкерлерге тұрғын үй төлемі беріледі. Заң бойынша, тұрғын үй төлемін пәтер жасадауға, екінші деңгейлі банкте ипотеканы өтеуге жұмсауға болады. Сонымен бірге «Отбасы банкінде» жинақтап, «Әскери баспана» бағдарламасына қатысуға да мүмкіндік бар.

Бұл – әскерилердің пәтер мәселесін шешу үшін тамаша мүмкіндік. Аталмыш бағдарлама бойынша еліміздің кез келген қаласынан тұрғын үй сатып алуға болады. Заем сомасына жөндеу жұмыстарына жұмсалатын шығынды қосуға рұқсат етілген. Бағдарлама бойынша әскерилер заемның үш түріне қол жеткізе алады:

АЛДЫН АЛА ЗАЕМ БОЙЫНША

Алғашқы жарна – 15-тен 52 пайызға дейін

Несие мөлшерлемесі – 8 пайыз (ЖТСМ 8,3%-дан бастап)

Несие мерзімі – 25 жыл

АРАЛЫҚ ЗАЕМ БОЙЫНША

Алғашқы жарна – 50 пайыз

Несие мөлшерлемесі – 6 пайыз (ЖТСМ 6,2%-дан бастап)

Несие мерзімі – 25 жыл

ТҰРҒЫН ҮЙ ЗАЕМЫ БОЙЫНША

Банктегі жинақ – баспана бағасының 50 пайызы

Несие мөлшерлемесі – 3,5 – 5 пайыз (ЖТСМ 3,6%-дан бастап)

БАНК БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

«Отбасы банкінің» тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуді көздейтін өз бағдарламалары да бар. Әскери қызметкерлерге арналған «Әскери баспана» және нәзік жандылардың пәтерге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін «Ұмай» бағдарламалары жемісті жұмыс істеп тұр. Енді соларға тоқталайық.

Әйелдерге арналған «Ұмай» ипотекасын «Отбасы банкінің» іске қосқанына көп бола қойған жоқ. Бұл бағдарлама бастапқы және екінші нарықтан тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік береді. Тіпті меніңіңде үйі болса да шектеу жоқ

Оған қатысу үшін отбасының кірісі 320 мың теңгеден аспауы тиіс. Сондай-ақ екі қосалқы заемшыны тарту талап етіледі. Алғашқы жарна тұрғын үй құнының 15-тен 50 пайызына дейін, ал берілетін несиенің ең жоғары сомасы — сатып алынатын тұрғын үй құнының 85% дейін беріледі. Несие бойынша пайыздық мөлшерлеме — 12% (ЖТСМ – 12,2%-дан). «Ұмай» бағдарламасы 25 жылға есептелген. Сондай-ақ депозиттегі жинақ сомасы 50 пайызға жеткен соң пайыз мөлшерлемесін 5%-ға дейін (ЖТСМ 5,2%-дан) төмендету қарастырылған.

Есеп-қисап (KZT):

БАСПАНА БАҒАСЫ – 15 МЛН
АЛҒАШҚЫ ЖАРНА – 2 250 000
НЕСИЕ МЕРЗІМІ – 25 ЖЫЛ
АЙ САЙЫНҒЫ ТӨЛЕМ – 186 000

«ҰМАЙ»

Әйелдерге арналған «Ұмай» ипотекасын «Отбасы банкінің» іске қосқанына көп бола қойған жоқ. Бұл бағдарлама бастапқы және екінші нарықтан тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік береді. Тіпті меніңіңде үйі болса да шектеу жоқ

Оған қатысу үшін отбасының кірісі 320 мың теңгеден аспауы тиіс. Сондай-ақ екі қосалқы заемшыны тарту талап етіледі. Алғашқы жарна тұрғын үй құнының 15-тен 50 пайызына дейін, ал берілетін несиенің ең жоғары сомасы — сатып алынатын тұрғын үй құнының 85% дейін беріледі. Несие бойынша пайыздық мөлшерлеме — 12% (ЖТСМ – 12,2%-дан). «Ұмай» бағдарламасы 25 жылға есептелген. Сондай-ақ депозиттегі жинақ сомасы 50 пайызға жеткен соң пайыз мөлшерлемесін 5%-ға дейін (ЖТСМ 5,2%-дан) төмендету қарастырылған.

Есеп-қисап (KZT):

БАСПАНА БАҒАСЫ – 15 МЛН
АЛҒАШҚЫ ЖАРНА – 2 250 000
НЕСИЕ МЕРЗІМІ – 25 ЖЫЛ
АЙ САЙЫНҒЫ ТӨЛЕМ – 186 000

Дайындаған Гүлнар АХМЕТОВА

Шаһар шырайы

Алматы – мәдени, рухани астана ғана емес, еліміздегі ең ірі мегаполис, тарихының тамыры мың жылға бойлаған сүйікті шаһар. Көркем қаланың кескін-келбетін көркейтіп, ажарын аша түсіп, даму динамикасын үдету жолында атқарылған шаруа көп. Әлі де етек-жеңін жиыстырып, тындыратын жұмыс көп. Қайбір жылы Нұрсұлтан Назарбаев Алматыны аралағанда қаланың өркендеу бағыты осы Алатау ауданына қарай ойысқанын, шаһардың шырайын кіргізетін нысандар көптеп салынып, халық игілігі үшін берілуі керектігін айтқанды. Алматының жетінші ауданы болып құрылғаны Алатау ауданы күн санап гүлденіп келеді. Қазақта жақсы сөз бар, «жас келсе, іске» дейді. Жастық жасынын, жасын жігерін қандай іске салмасын көрсетуі керек деп үміт артады. Алатау ауданының әкімі лауазымына тағайындалғанда Азамат Бескемпірулының жасы отыздың бесеуінде болатын. Іргесі кең, территориясы жыл санап ұлғайып келе жатқан қаланың көрікті ауданын басқаратын Азамат Қалдыбековпен сұхбатымыз емен-жарқын өрбіді.

Жас qazaq: Азамат Бескемпірулы, алғашқы сұрағымызды «Бюджетке қатысу» жобасына қатысты қойсақ. Алатау ауданында ел

Азамат ҚАЛДЫБЕКОВ, Алатау ауданының әкімі:

АЙНАЛАМЫЗ АБАТТАНСЫН ДЕСЕК...

игілігіне беріліп жатқан әлеуметтік орындар көп. Жыл соңына дейін неше нысан құрылысы бітеді?

Азамат Қалдыбеков: 2019 жылы Алматы қаласының әкімі Бақытжан Әбдірұлы өзі бастама көтеріп, алматылықтар өз қаласын көркейтуге үлес қосуға атсалыссын деген мақсатта «Бюджетке қатысу» бағдарламасын жариялаған болатын. Бірақ сол жылы Алатау ауданы бойынша екі ғана жоба ғана іріктеуден өтіп мақұлданған екен. 2020 жылы ел арасында түсіндіру, насихаттау жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде, әлеуметтік желілерде де «бюджетке қатысу» туралы кеңінен айтылғандықтан да халықтың қызығушылығы оянды. 99 жоба ұсынылып, соның арасынан 31 жоба іріктеуден, дауыс беру қорытындысы бойынша өтті. Соның ішінде 27 нысан тақыр жерден бой көтеріп отыр. Ол дегеніміз, бұрын шөп басқан, қараусыз, игерусіз жатқан жерге заманауи үлгідегі балалар алаңқайы, спорттық жаттығу алаңы, саябақ секілді өркениеттің игілігі салынғанын айғақтайды. Біз ел арасында осы бағдарлама аясында елді мекендер, ықшамаудандардағы бос жатқан жерлерге осындай нысандар салуға болатынын айтып, бағдарламаның тиімділігін ескертеміз.

Жас qazaq: Жаксы, акжолтай хабар екен. Ал енді бұған дейін бой көтерген, яғни бюджетке қатысу бағдарламасына дейін әкімдік тарапынан салынған нысандардың ескіргенін жаңарту, бүлінгенін бүгінде жұмыстары жүргізіле ме?

Азамат Қалдыбеков: Әрине, биыл төрт жобаға ағымдағы жөндеу жұмыстарына қаржы бөлінді. Алғабас ықшамауданында стадион, волейбол, баскетбол алаңдары, балалар алаңқайы, воркаут ескірген, Сырым батыр көшесіндегі габион, яғни тастан қаланған камал қоршау да тозып, тасы мүйзіліп кеткен еді, соны қалпына келтірдік. Одан сырт Нұркенттегі спорт алаңына, Акбұлақ ықшамауданындағы нысанға жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар 53 аулаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Нұркент ықшамауданындағы көпқабатты 18 үйдің сыртқы келбетін жаңарту жүзеге асырылып жатыр. Қала әкімі Бақытжан Әбдірұлы Алатау мен Наурызбай аудандарын абаттандырып, көркейтуге айрықша көңіл бөліп, бюджет көлемін де ұлғайтты. Соның нәтижесінде халықтың өз ішінен ұсынған жобалары дауыс беру арқылы конкурстан өтіп, іске асырылып жатыр.

Жас qazaq: Тұрғындардың оның ішінде шаңғайдағы ықшамаудандарда тұратын халықтың басты уайымы жолдың тегістігі, бүтіндігі. Бұл мәселе қалай шешімін тауып отыр?

Азамат Қалдыбеков: Мені Алатау ауданының әкімі қызметіне тағайындағанына екі жылға жуықтады. Әлі есімде, қызметке жана кіріскенде бір топ тұрғын қабылдауыма келді. Аяқ киіміне балшық жағылмасын деп, целлофан пакет киіп алған. Он бес ықшамауданға жол жабындысы төселді, оған қоса, барлық ықшамаудандардың көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді, жаяу жүргіншілер жолы, көшені жарықтандыру жұмыстары да жүргізілді. Бәрі сақалай-сай

түбегейлі шешіліп бітті деген сөз емес бұл, әлі де атқарылатын шаруа жеткілікті. Тек уақытты тиімді пайдаланып, өнімді жұмыс істеу керек. Нақтылай түссек, екі жылға жуық уақыт ішінде Алатау ауданы бойынша 100 шақырымға жуық жолға жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Жолдан бөлек, инженерлік желі тарту жұмыстары да қарқын алып келеді. Кәріз құбырын төсеу, су тарту секілді қордаланған мәселелер де ретімен шешімін тауып келеді. Бұрын тұрғындары жерасты суларын ұңғыма



арқылы шығарып пайдаланып келсе, енді орталықтандырылған ауызсу жүйесіне, кәріз құбырына қосып береміз.

Алатау ауданының аумағы жыл санап ұлғайып келеді дедік қой. Жаңадан қосылған ықшамаудандарға жол салу, әлгі айтқан инженерлік желілер тарту, әлеуметтік нысандар салу ісі де әкімдіктің алдындағы жұмысы. Жергілікті тұрғындар қала аумағына кіргендіктен, осы мәселелердің түйін шешіп беруді талап ететіні орынды. Кейде халықтың наразылығын да естіп,



көріп жүрміз. Бәрі бір күнде бола салмайды, уақытымен, ретімен, жоспар бойынша іске асады.

Жас qazaq: Мектептердегі оқушыларға орын тапшылығы, үш ауысыммен оқу жүйесі де сіз басқаратын ауданда өзекті мәселе. Мектеп салу ісіне іргелі компанияларды, белді кәсіпкерлерді тарту арқылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы шаруаны шешу жағы қалай?

Азамат Қалдыбеков: Ауданымыздың іргесі кеңейіп, отауы көбейген сайын халықтың саны артатыны екібастан. Мектептерде орын жетіспеушілігі бар. «ВІ Group» компаниясы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында ауданымызда бес мектептің құрылысын бастап кетті. Саялы ықшамауданында 1800 орындық мектеп, Рахат ықшамауданында бұрын-соңды мектеп болған жоқ, сол елді мекеннің халқына арнап білім ошағы бой көтереді. Томирис, Нұркент, Дархан ықшамаудандарында жана мектеп салынады. Бұл төрт мектептің сыйымдылығы 1500 орындық. Бұл мектептің бәрі де әлемдік стандарттағы эркерлік типтегі білім ошағы болады. Яғни қабырғасының бәрі әйнектен тұрғызылған, сырттағы жарық сәуле молынан түседі. Сонымен қатар Зерделі және Саялыда 550 орындық мектеп салуға құжаттары жасалып жатыр.

Жыл соңына дейін 87 көпқабатты тұрғын үйді пайдалануға беру жұмыстары да уақытында жүргізіліп келеді.

Жас qazaq: Биыл еліміз бойынша халық санағы жүргізілді. Алатау ауданында жалпы көпбалалы отбасы көп, жас жанұялар да көп, демографиялық демі қалай екен ауданның?

Азамат Қалдыбеков: Бейресми дерек бойынша ауданымыздың халқы 311 мыңнан 340 мыңға жеткен екен. Бұл сан әлі де өзгеруі мүмкін, санақтың нақты қорытындысы шыққаннан кейін белгілі болады. Назар аударатын жайт, Алатау ауданының әрбір жанұясы орта есеппен алғанда, көпбалалы отбасы санатына жатады десек те болады. Неге? Өйткені әр үйде кем дегенде екі баладан, кейбірінде 7-8 баладан бар. Орташа есеппен бойынша көпбалалы отбасылардың саны басым.

Оларға мемлекет тарапынан берілетін атаулы «әлеуметтік көмек, түрлі материалдық демеушіліктен сырт бізде қорлар жұмыс істейді. Көпбалалы аналарға түрлі психологиялық кеңес беретін, «Алатау аналары», «Зейін», «Тау шаңырақ» секілді қорлардың да жұмысы жанданып, елмен етене байланыста болып, шаруасын дөңгелетіп келеді. Көпбалалы аналарға кәсіп ашамын десе, қандай да бір іспен

шұғылландуды қаласа, қолдауға, көмектесуге, бағыт-бағдар беріп, шындауға қашанда әзірміз.

Жас qazaq: Жол жөндеуге қатысты мәліметтерді айтқанда есіме түсіп отыр. Алатау ауданында биыл жолайрық көпірдің де құрылысы бітуі керек.

Азамат Қалдыбеков: Алматылықтар жақсы біледі, «сақалды құрылысқа» айналып

кете жаздаған Рысқұлов даңғылы мен Емцов көшелерінің қиылысындағы айналма жолдың көпірі. Қаржының тапшылығынан тоқтап, құрылыс басталмай жатып, аяқсыз қалған еді. Бақытжан Әбдірұлы өзі тікелей қадағалап, қаржы бөліктіріп, осы айналма жолдың көпірі жыл соңына дейін бітуі тиіс. Іске қосылса, Рысқұлов даңғылымен жүретін көлік

ағыны іркіліссіз жүріп отырады. Бұл көлік кептелісінің сәл де болса, азаюына септігін тигізері анық. Одан сырт Сайын көшесі қазір Рысқұлов даңғылына келіп, тұйықталып тұр. Соны солтүстікке қарай созып, Мөңке би көшесіне жеткізіп, сол жерден де үлкен айналымды жол түседі. Рысқұлов даңғылы Алғабас ықшамауданының арасымен өтіп, Үлкен Алматы айналма жолына қосылады.

«Шетсіз қала» бағдарламасы бойынша Алатау ауданында жекелеген кәсіпкер азаматтардың қаржылай қолдауымен үлкен мешіт құрылысы орталанып қалды. 14 қорты бар үлкен теннис алаңы, инновациялық шығармашылық орталық құрылысы да қарқынды жүргізіліп жатыр.

Осы күнге дейін қала әкімі 20 мәрте аралап көрді. Бұған дейін Алатау ауданына қарасты шаңғай жатқан ықшамаудан тұрғындарының тыныс-тіршілігімен танысып, мұң-мұқтажын тыңдады. Қандай әлеуметтік нысан қажеттігін біліп, тиісті мекемелерге тапсырма берді. Мәселені «Ұлжан-1» ықшамауданындағы мектепке қатынап оқитын «Ұлжан-2» ықшамауданының оқушылары терең сайдан өтеді. Ұзындығы екі жарым шақырымға созылып жатқан жолда қаранғыда балалардың жүруі қауіпті, жаңбырда батпақ, қарда тайғақ болып, әуре-сарсаңға салып келген екен. 15 жылдан бері екі ықшамауданның халқы жаяу жүргіншілер жолына жөндеу жүргізуді сұрап, табандарынан тозған екен. Ақыры, міне, сүрлеудің екі жиегі абаттандырылып, жарық шамы орнатылып, аяқ суытып аялдау үшін орындықтар, балалар ойнайтын алаңқай да салынды. Бұрындары Алатау ауданының әкімдігі алдындағы алаңқайдың балалар басып қалатын. Өйткені өздерінің үйінің маңында ойын алаңқайы жоқ, сосын амал жоқ, осында келіп ойнайды. Әлі есімде «Ұлжан» ықшамауданында тұратын зейнеткер кісі «немеремді ойнату үшін «Зерделіге» ертіп баратын едім» деп қуанды. Көрдініз бе, тұрғындардың балалары ойнайтын алаңқайға қаншалықты зәру болғанын.

«Шаңырақ» ықшамауданында абыз, би болған Әлмерек Жаншықұлының батыр баласы Құрман бабаның мүрдесі жатыр. Қасында емдік қасиеті мол шипалы бұлақ бар. Зиярат етіп келушілерге әруақты бабаның басында құран оқып, дұға тілеуіне қолайлы болсын деп арқалығы бар орындықтар орнатылып, айналасы көмкеріліп, абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Қазақта «өлі разы болмай, тірі байымайды» деген мақал бар. Осындай игілікті істердің басым көпшілігі «бюджетке қатысу» бағдарламасы бойынша іске асырылып келеді.

Жас qazaq: Каланы абаттандыру, жасыл желекке айналдыру бағыты қалай?

Азамат Қалдыбеков: «Жасыл Алматы» бағдарламасы қала әкімінің аудан әкімдеріне тапсырған үлкен аманаты. Алдағы бес жылдықта қаланы көркейту үшін кемінде 1 миллион түп ағаш көшеттерін отырғызу акциясы бар. Алатау ауданы былтыр 170 мың түп, биыл 130 мың түп ағаш көшеттерін егіп, күтімін қолға алдық. Қаламызды абаттандырудағы үлестің жартысына жуығын біз игеріп отырмыз. Қалада сегіз аудан бар десек, бұл қандай көрсеткіш екенін өзіңіз бағамдай беріңіз.

Ағаш көшеттерін егу бар да, оның тамыры қатайып, діні беріктеніп, бойын тіктеп өсуін қадағалап, күтімге алу тағы бар. Алматының жазы кейде тым ыстық болады. Анқанды кептір ми қайнатар ыстықта ағаш көшеттері қурап кетпес үшін тамшылатып суғару тәжірибесін қолданып отырмыз. Суғару үшін су көзін тауып, тоғыз жерден ұңғыма арқылы су шығардық. Қылқан жапырақты ағаш тұқымдарының арасына жапырақты тал, терек, жеміс ағаштарын да отырғыздық. Осындай елдің игілігі үшін деп, өзімізге қолайлы жағдай туғызу бағытында іске асырылатын әлеуметтік жобалар арқылы бой көтерген нысандарды күтімге алу, сақтау, қору тек әкімдіктің құзіретіндегі шаруа емес. Бәріміз жұмылған дүниені екінші шетінен бүлдіріп, қиратуға қалай дәгі баралы деп күйінесін. Патриоттық сезім деген «сен неге түзу жәрмейсін» деп өзгені сілкіп алу емес, қолындағы затынды қокысқа апарып тастау, бір тал шеге қисық қағылса, түзеп жіберу. Ортаны тәрбиелеу үшін алдымен өзіңді-өзің жөнге салуың қажет.

Сұхбаттасқан Қуаныш ПАХМЕТ

SERPIN



www.jasqazaq.kz

D-mail: jasqazaq2019@mail.ru

Жәдігер

ҒАЛИ ОРМАНОВТЫҢ КҮНДЕЛІГІ ТАБЫЛДЫ

Халқымыздың ардақты ақындарының бірі, талантты лирик, ғажап аудармашы, білікті әдебиетші, қаламы жүйрік журналист, қазақ поэзиясының көрнекті көркемсөз шеберлерінің бірі – Ғали Орманов жер жанның Жетісу өлкесінде, қазіргі Алматы облысының Қапал ауданына қарасты Ешкіөлмес тауының бауырында дүниеге келген.


Қазақ әдебиетіне 20-жылдардың соңғы ширегінде келіп, қазақ поэзиясының қалыптасуына, дамуына, өсіп-өркендеуіне ерекше үлес қосқан ақынның бірі. Орыстың, Шығыстың классикалық үлгілерін аударып, қазақ әдебиетінің аударма саласында да біршама үлес қосып, ірі жұмыстарды игерді. Жамбыл Жабаевқа 1939-1945 жылдар аралығында әдеби хатшылық қызмет атқарған. Ол – жан сырларын, табиғат сипаттарын суреттеген, лирикалық жырларын азаматтық әуендермен тоғыстыра білген толымды ақын. Көптеген өлеңдер жинағының, бірнеше поэма, әңгіме және очерктердің авторы атанды.



Жақында 1938-1945 жылдары Жамбыл Жабаевтың әдеби хатшысы болған ақын Ғали Ормановтың латын қарпімен жазылған күнделігі табылды. Ақынның жиен-немересі Айдар Кырықбайұлының сөзінше, күнделік шамамен 1939 жылы жазылған. Ол былай дейді:

«Күнделік латын әліпбиімен жазылған. Сол күйі сақталып, жазуы өзгермеген. Бүгінде сол күнделік жазылған әліпбиді білетін адамдар аз екен. Сондықтан күнделікті жаңартып қойдық. Алдағы уақытта аударуға береміз. Күнделіктің мазмұны бойынша Жамбыл атамызға кімдер келген, қандай мәселелер талқыланған деген секілді мәлімет көрсетілген. Күнделік ешқайда жарық көрмеді. Сондықтан Жамбыл атамыздың шығармашылығын зерттеуге септігін тигізеді деп ойлаймын».

Күнделікті Ғали Ормановтың жары Айтбала



Орманова сақтапты. Кейін қолдан қолға өтіп, осы күнге жеткен. Бүгінде күнделік атамыздың қызы Жамиға Ғалиқызына табысталды. «Елордада атамыздың атына арнап мектеп берілген.

2007 жылдан бері аталған мектептің алдына бюст орнату мәселесі көтеріліп келеді. Қала әкімі Бақыт Сұлтанов болып тұрған кезінде бюджеттен Ғали Ормановтың бюсті орнату мәселесі бекітілген де болатын.

Өкінішке қарай, бүгінгі күнге дейін мектептің алдына бюст әлі орнатылмады. Осы мәселені Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Атай Қалғинов назарына алса екен», — деп түйіндеді сөзін А. Кырықбайұлы.

Айта кетейік, Ғ.Орманов қырғыз эпосы «Манастың» 1-кітабын, А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, Ян Райнистің, Ф.Мактымқұлының бірқатар поэмаларын, Н.В.Гогольдің «Нева проспектісі» повесін, А.П.Чеховтың әңгімелерін, М.Тұрсын-Заленің «Үндістан балладалары» өлең кітабын, Л.Н.Толстойдың «Анна Каренина» романын қазақ тіліне аударды.

Алдағы уақытта Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың қолдауымен Ғ.Орманов аударған Л.Н.Толстойдың «Анна Каренина» романының 2 томдығы жарық көреді.

(Өз тілшіміз)

Мәселенің мәні

Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Қызылжардағы мәдениет және демалыс саябағында тұрған қазақ зиялыларына арналған ескерткіштер қоқыста жатыр деген хабар күллі республикаға тез тарады. Мағжан Жұмабаев, Шоқан Уәлиханов, Қаныш Сәтпаев, Қожаберген жырау сынды қазақтың шоқтығы биік тұлғаларының мүсіндері жаздан бері күл-қоқыста жатыр. Бұған жергілікті билік өкілдері бас қатырмаған сыңайлы.



«ҚАҢСЫҒАН ҚОҚЫСТАРДАН ТАБЫЛАРМЫЗ...»

Облыс орталығындағы қалалық мәдениет үйінің артындағы коқыс алаңында акын-жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің ескерткіштері тас-тұғырлары қирап, шашылып жатыр. Оларды орталық саябақтан алып тастау шешімін Петропавл қалалық әкімдігі қабылдаған. Алайда жауаптылар әлі күнге дейін бұл жәйтке қатысты еш пікір білдірмеді. 2010 жылы Петропавлда қала күніне орай орталық саябақта акын-жазушы, ғалымдарға арналған 34 ескерткіш орнатылған. Оларға бюджеттен 38 миллион теңге бөлінген. Бірақ мүсіндердің 22-сі қызылжарлық бұқараның сынына ұшырап, сол кезде-ақ алынып



тасталды. Себебі тұрғындардың айтуынша, ескерткіштер адам баласына ұқсамайтындай етіп мүсінделген. Сол кезде-ақ әкімдіктің бұл әрекеті шаһар халқының ашуына тиіп еді. Мәселен, қала тұрғыны Өмір Ескали ескерткіштерді ергежейлілерге тенеген: «Сәбит Мұқановты және бір-екі адамды ғана таныдық. Қалғандарын тану өте қиын. Мүлде ұқсамайды. Бірінің денесінен аяқ бітімі бөлек, біреуінің бойы ергежейлі», — дейді қоғам белсендісі. Осылайша ескерткіштер авторына, мүсінші Қазыбек Сатыбалдинге қайтарылып, саябақта 12 ескерткіш қалады. Оның өзі ұзақ тұрмады. Биыл олар із-түссіз жоғалып кеткен.

Қалалық мәдениет үйінің алдында 6 ескерткіш 6 айдан бері қантарылып тұр. Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов сынды тұлғалар бейнеленген қалған алтауының қайда кеткені беймәлім...

Петропавл қалалық әкімдігі ішкі саясат бөлімінің жетекшісі Азат Ыбыраев: «Ескерткіштердің астында

тұрған тұғыры бүліне бастаған. Сондықтан мүсіндерлі уақытша мәдениет үйінің алдына әкелдік. Оларды жөндеуге қажетті сома көлемі есептеліп, бюджеттен ақша бөлінеді. Бірақ әзірге олардың қайда орналастырылатыны белгісіз. Қалған 6 ескерткіштің қайда кеткенін де білмеймін», — деді. Ескерткіштердің қайда кеткенін әкімдік те, жауаптылар да, бұқара халық та білмейді екен...

Бүгінгі күні Мағжан Жұмабаев, Қожаберген жырау, Шоқан Уәлиханов, Қаныш Сәтпаев, Федор Достоевский және Иван Шухов есімі жазылған тактайшалар табан астында басылып жатыр.

Аяқ астында қалған артефактілерге бәрі бірдей немқұрайды қарайды деу ағаттық болар. Ескерткіштерді өз қорғауына алғысы келетін халқының ұлдары бар. Әкімдіктен қайыр болмаса

Мәселенің анығы

«СІЗ МЕНІ ЖАҒАМНАН АЛДЫҢЫЗ, САТЫРЛАТЫП БОҚТАДЫҢЫЗ!»

Қызметкерге лық толы кеңседегі жиында ең бірінші болып, ұлттық спорт мектебінде «Аударыспақтан» сабак беретін тәлімгер Кенжебек Еслямов сөз алды. Жаттықтырушы шәкірттердің жарыстарға қатысуы үшін жөнді жағдай жасалмайтыны себебінен ата-аналардың перзенттерін спорт мектебіндегі сабактарға қатыстыруға ынталы емес екенін жеткізді. Директордың шәкірттерге жаны ашымайтынын білдірді. Әріптесінің сөзін «Жамбы атудың» жаттықтырушысы Нұрсұлтан Жүсібәлин қолдай кетті. Тіпті көмек сұраған жағдайда Максат мырзаның балағаттап жіберетін, күш қолданатын әдеті бар екенін айтты.

ҚАЙДАСЫҢ, ҚАЛАМҚАС?!

«Авгейдің атқорасына» келейік. Мектептің атбегісі Марат Томпышев та үнсіз қалған жоқ. Ол кісінің айтуынша, өткен айда демалыста болып, жұмысқа қайта шыққан күні атқорада жүрген асыл тұқымды Қаламқас атты биенін үшті-күйлі жоғалып кеткенін аңғарыпты. Әріптестерден сұрастырса, ешкім білмейді. Қаламқастың қайда кеткенінен мектептің ветеринар-дәрігері Талғат Хасенов хабардар болып шықты.

ЖҰМЫС ОРНЫН ҮЙГЕ АЙНАЛДЫРЫП...

Тағы бір жәйтті байқап, аң-таң болдық. Кабинеттегі кездесу кезінде Максат Азбаевтың креслосының ту сыртында шкаф тұр еді. Бір қарағанда, кәдімгі шкаф. Қызметкерлер нұсқағаннан кейін, есігін ашып көрсек, шкаф емес, жасырын есік екен. Арғы жағы — бөлме. Бөлме дегенде, ішінде жиһазы түгел жатын бөлме.

Ол — ол ма? Мектептегі Тоғызқұмалақ сыныбын да Максат мырза өз керегіне жаратып отыр екен, іші толған директордың жеке заттары.

Директор мырза әлі пәтеріне орнығып үлгермегенін, басқа амалы болмағанын айтып ақталды.

СІЗ КІМСІЗ, ДИРЕКТОР МЫРЗА?!

Мұнымен де біткен жоқ. Ұлттық спорт мектебінің қарамағындағы біршама жерді Асқаров деген жеке кәсіпкер жалға алып отыр. Ол жерге өзінің атқорасын салып, жылқысын қала тұрғындары мен қонақтарына ақысын алып мініске береді. Қағазы түгел, құжаты тападай.

Бірақ мектеп қызметкерлері басқаша сөйлейді. Олардың айтуынша, жеке кәсіпкердің атқорасында тұрған мал — мектеп директоры Максат Азбаевқа тиесілі. Ал Асқаров деген кәсіпкер тек қағаз жүзінде ғана иеленіп отыр. Роман есімді жігіт мемлекет меншігіндегі аттардың аузынан жырып, өзі бағып-күтіп жүрген жылқыларға жем-шөпті еселеп береді екен. Тіпті мектеп атбегілерін жұмысқа жегіп, жекеменшік жылқыны бактыратын болып шықты. Бакпай көр, жұмыстан қуыласың!

Нәтижесінде, ұлттық спорт мектебіне тиесілі жылқының сиқы — мынау:

«КӨРМЕДІК, ЕСТІМЕДІК»

Жиынға мектепке бас-көз болып отырған Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының өкілі де қатысты. Басқарманың бөлім басшысы Әнуар Хасенов бұған дейін жоғарыда аталған жағдайлар туралы естімегенін, мекемеге тілгі арыздар түспегенін мәлімдеді.

Айта кетейік, мектеп ұжымының біраз бөлігі директор орнын босатпаса, қызметтен кетуге әзір екенін алға тартып отыр.

Таныс болыңыз, бұл азаматтың аты-жөні — Максат Азбаев. Ол осыдан 4 ай бұрын Балуан Шолақ атындағы Ақмола облыстық балалар мен жасөспірімдер ұлттық спорт мектебіне басшы болып тағайындалған еді. 4 ай деген ұзақ емес, өрине. Бірақ Азбаев мырза сол уақыттың ішінде біраз шаруаның басын қайырғанға ұқсайды.

Редакциямызға облыстық ұлттық спорт мектебінің қызметкерлері хабарласып, мектепке келуімізді өтінді. «Ушығып тұрған мәселе көп, телефонмен айтып тауыса алмаймыз» деген соң, асай-мүсейімізді сайлап, облыс орталығы Көкшетау қаласының іргесіндегі Красный Яр ауылында орналасқан мектепке тартып отырдық.

Барсақ, мектеп ұжымы директордың кеңсесіне жиылып алған, бөрінің өкпесі қара қазандай. Білдірер наразылығы да, басшыларына таққан айыбы да жетіп артылады. Балуан Шолақ атындағы ұлттық спорт мектебінің директоры қай жерден ағаттық жіберді, басшының қылығы кімге жақпай отыр? Тарқатып берейік.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ МЕКТЕБІНДЕГІ ДАУ: АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ БИЕ ҚАЙДА КЕТТІ?!



«МҰНЫҢ БӘРІ – ҚЫП-ҚЫЗЫЛ ЖАЛА»

Ал даудың басы болып отырған Балуан Шолақ атындағы Ақмола облыстық балалар мен жасөспірімдер ұлттық спорт мектебінің директоры Максат Азбаев өзіне шаң жуыттар емес. Башпынын айтуынша, ол қызметке келген күннен бері мектепте тәртіп орнатуға тырысып бағуда. Бірақ ережеге бағынып, өз жұмысын тиісті деңгейде орындағысы келмейтін кейбір мамандар әдейі дау тудырып жатқанға ұқсайды.

Мектеп директоры Максат Азбаев өзіне шаң жуыттар емес. Оның



айтуынша, тағылып жатқан айыптың бәрі — қып-қызыл жала. Сөзіне сенсек, осыдан төрт ай бұрын мектепке келген күннен бері ұжымда тәртіп орнатуға күш салып келеді. Нақты нұсқап көрсете алмаса да, қызметкерлердің ішінде ашы суға әуестер мен түн қатып жем-шөпті үйіне таситындар да болғанын алға тартып отыр. Алайда кей қызметкерлер өз міндеттерін тиісінше орындап, тәртіпке бағынғысы келмегендіктен, қасақана дау тудырып, талапшыл басыны орнынан кетіру үшін амалдап жүрген көрінеді.

«НЕ АЙТЫП ТҰРСЫҢ СЕН?»

Жамбы атудан жаттықтырушы Нұрсұлтан Жүсібәлиннің «Сіз мені жағамнан алдыңыз, сатырлатып боктадыңыз» деген айыбын естіген директор мырза аң-таң болды. «Не айтып тұрсың сен? Ондай нәрсе болған емес!» дегеннен басқа сөз түспей қойды аузына.

Ал Аударыспақтан сабак беретін жаттықтырушы Кенжебек Еслямовтың өзіне қарсы шыққанын Максат Азбаев қызметкерінің бұрын-сонды мал ұрлағаны үшін істі болғанымен түсіндірді. Сонысын бетіне басты. Директордың сөзінше, ол Кенжебектің қылмыстық іске қатысы бар екенін жақында ғана білген. Тіпті мектептің атын түн іші мініп кетіп, таң ата аккөбік етіп әкелетін әдеті болғанын айтты. Өзіне қарсы шыққанының себебін аттарды сабақтан тыс уақытта пайдалануға тыйым салғанынан көріп отыр.

«МАРАТ МОЛДАШҰЛЫНЫҢ КЕЗІНДЕ МҰНДАЙ БОЛҒАН ЕМЕС!»

Басшыға қарсы шыққандардың қатарында Айболат Естай деген білікті бапкер де болды. Өз сөзінде ол зейнетке кеткен мектептің бұрынғы басшысы Марат Қойшинді тілге тиек етті.

«Марат Молдашұлының кезінде мұндай болған емес, он бес жыл бірге істедім. Бұл кісі қызметіне келген кезде үш ай үндеген жоқ. Сынақ

мерзімінен өтіп, директорлыққа бұйрық алуы сол-ақ еді, бәрімізге дөрекілік көрсете басталды», — дейді мектептің теңге ілуден жаттықтырушысы Айболат Естай.

Директор бұған қарсы да уәж тапты.

«Мен бұрын республикалық ойындарда жүргенде Айболатты жиі көретінмін, ішімнен «Бұл жігіт — мықты бапкер» деп ойлайтынмын. Қателесіппін. Осы мектепке келген күннен бері бір жаттығу көрсетпеді. Шәкірттерін де танымаймын», — деді Максат Азбаев.

Бапкер болса, «Осыған дейін талай жарыстан жүлделі оралдық. Егер шынымен шәкірттерім болмаса, қалай нәтиже көрсетіп жүрміз?» деп қарсы сауал қойды.

«АЙТТЫМ СӘЛЕМ, ҚАЛАМҚАС!»

Сонымен, Қаламқас қайда? Бұл сұрақты мектептің ветеринары Талғат Хасеновке қойдық, тысқары алып шығып. «Сағым деген бие өлді», «Списать еттік», «Орнына Қаламқас кетті» деп күмілжігеннен басқа аузынан сөз суыра алмадық. Әріптестері «Қорықпа!», «Бәрін айт!» деп арқасынан қағып қойса да, қобалжып, артық сөйлей алмады. Сөйтсек, ту сыртымызда басшысы көзін алайтып, ішіп-жеп тұр екен. Мысы басып кеткен ғой, қайтсын.

Директор құжаты түгел екенін айтып, Қаламқасты «ұзатып» жібергенін мойындаған жоқ.

БАСШЫ НЕГЕ МЕКТЕПКЕ ҚОНЫП ЖҮР?

Директордың кеңседегі құпия бөлмеге қонып жүргені былай тұрсын, тоғызқұмалақ сыныбына дүние-мүлкін толтырып тастап, жеке қойма қылып алғанын қызметкерлер айтты. Максат Азбаевтан қойманың, яғни сыныптың есігін ашып, ішін көрсетуін сұрап едік, «кілті жоқ, жоғалып кеткен» деді. Ашынған ұжым қойсын ба? Қаумалап жүріп құлпын бұзды. Кірсек, шынымен солай екен. Сыныптың іші — есіктен төрге дейін үсті-үстіне үйіліп жатқан заттар, басынынан жеке мүлкі. Ішін тігтіп жүруге журналистің ары жібермеді. Азбаев мырза бұл жәйтті де өз есебіне қарай шешуге тырысып бақты. «Келгеніме төрт ай ғана болды. Пәтеріме орнығып үлгерген жоқпын. Егер шынымен жемқор болсам, бүйтіп жүрмес едім» деп ақталды. Сөз тапқанға қолқа жоқ.

СОНЫМЕН, АСҚАРОВ ДЕГЕН КІМ?

Мектептің жерін заң жүзінде жалға алып, кәсібін жүргізіп отырған, ал қызметкерлердің сөзінше, мемлекеттің жем-шөбін өз малының алдына тосатын беймәлім жеке кәсіпкер туралы директордан сұрап едік. Басшы оны жөндеп танымайтынын, бизнесменге еш қатысы жоқ екенін жеткізді. Кәсіпорынның малын бағып жүрген қызметкерлердің жайын да сұрадық. Сөйтсек, жұмыстан тыс уақытта мектеп атбегілері қосымша табыс үшін жалданып жүр екен. Ұжым мұны түгел жокқа шығарса да, «Қокан-локымен жүрміз» десе де, директор уәжі — осы.

**Бетті дайындаған
Мерген ТОКСАНБАЙ,
Көкіеттау**



AINA



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

БҮГІНГІ САТИРА



Шешем марқұм мен кенжесі болған соң қолымда тұрып, екі немересін көріп барып бақилыққа аттанған болатын. Қарап жүрмей, бала кездегі еркелігім мен тентектігім бар, орда бұзар отызға келсем де, ақылдан сәл-пәл ауытқып, бірде-бір қулық ойлап тауып, сонымды жүзеге асыра қойдым. Ондағым — шешемнің қабірінің басына «сөйлегіш» аппарат апарып

карай, бұйырған баланы туып, «Батыр Ана» атанып, бағым ашылды. Көп өтпей, әкесі де тәубасына келіп, үйдің шамшырағы, тірегі де дінгегі бола білді. Айтпақшы, ішіп жүрген ішірткісі уақытша нәрсе. Көп өтпей қояды, қыдырысы да сонымен бірге сап тиялады. Айтпағым — шыдап бак, баланы құрығанда енеңнің тапқанының жартысына жеткіз. Сонда жыны тиялады, сабасына келіп, саналы тірлігін ілгері оздырады. Келін шырақ, бүгін өзіне шүйліге ақылман болғанымды айып етпе. Балама да өзі онаша келгенінде


Терме тезек, келер кезек

орнатып, онымды іске қосып, сөйлетіп бір-екі рет сынақтан өткізіп барып көңілім жайланды. Ондағы айтылар «аталы сөздерді» құрап берген оқығаны көп Қилыбай құрдасқа, шешемнің даусын келтіріп сөйлеп берген әртіс Сәнімгүл жетгеме ризамын...

«Шешінген судан тайынбас» деп ретін келтіріп, келіншегім Бозымды алып бейіт басына барып, шешеме тағзым етіп тізерлей отырып, бет сипаған сәтте іш қалтамдағы «пультті» басып үлгердім...

Шешемнің: «Келгендеріне дән ризамын» деген қоныр үні санқ ете қалғанда, тізерлеп отырған басым оқыс шыққан дауыстан оң жамбасыма құлаған болып, алақтап жан-жағыма қарап: «Пәсмілла! Пәсмілла!» деуге мұршам болды...

Бозым да бозарған қалпы қазықтай қатып қалыпты. «Шешем» де сәл кідір жасап барып сөйлеп берсін... «Кейінгі кездергі ырың-жырындарыңды біліп тынышым кетті. Келін шырақ, үйдің ырысы да, ұрысы да бір өзіңнің қолыңда. Баламыз кенжеміз болған соң еркелетіп өсірдік. Қолын қакпадық, айтқанын орындадық. Оныкі бұрыс болса да істегенін дұрыс дедік... Қазіргі қиғаш кетіп жүргені, өзің білетін өзгеше қылықтарына біз кінәліміз. «Алтын басты әйелден, бака басты еркек артық» деп бекер айтылмаған. Ерінді тындасан, бірлі-жарым еркелігіне түсіністікпен қарасаң, дегеніңе жетесің... Сеземін, серілігі бар... Пәлекет тұқымынан қалған тұрлаусыз тірлік. Аргы аталары атышулы серілер болған. Айлап жоғалып, әнін айтып, жырын жырлап оралатын болған. Әкесі де әпербаканның манайында болып, күн жоғалып, түн түнемей, әйтеуір, жыны басылғанда оралатын. Бағыма



айтарым бар. Әзірше осы».

...Бейіт басынан үн-түнсіз есенгіреп қайттық. Өз басым келіншегімнің «Бұл қалай?!» демей, жақ ашпағанына тәуба дедім.

Содан біраз жыл бел асырып, бере қалған бес баланың тұңғышы мектеп бітірген мезгілде былтыр қайтыс болған енемнің бейіт басында тізерлеп отырып:



— Айналайын, күйеу балам! — деген енемнің санқ еткен даусын естіп он жамбасыма құлап, отырған қалпымда сөзге құлақ түрдім. — Күйеу дұшпан деген рас-ау! Жерлегелі ат ізін салғаның осы! Алдымен

айтарым, отызында орда бұзбақ түгіл, қыркында қырка аспадың. Серілігіңді сиретсең де, әлі тимадың! Арағыңды ата сакалың аузына түскенше іше бермекпісің! Бес бірдей бұлдіршіндеріңнен ұялсан етті. Төңірегіңе қара! Қатарларыңның тірлігіне қарап неге ғана тыраштанбайсың! Саған шыдап бакқан қызымның төзіміне құлдық. Баяғы, балаларын әкесіз етпейін деген пияғылмен жүр де байқус! Шыдамның да шегі болады! Бүйте берсең, бір күні аяғың аспаннан келеді. Әлі де айтарым: сап тиял! Есерлігіңді доғар! Бірден өзінді-өзің қолға алып тірлігіңді түзесен, бәрі де кеш емес. Оған білімің де, білгірлігің де жетеді! Келесі келгенінде риза болып, оң батамды берейін, балам, — деді.

...Ал керек болса! Бірдеңке деуге бет те, сөз де жоқ, тым-тырыс үйге қайттық. «Терме тезек, келер кезек» деген осы...

Берік САДЫР,
Нұр-Сұлтан

МҮХІС МҮНІС



Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны Қанат Нұртазин – ерекше өнер иесі. Көп жылдан бері карвингке (жәміс-көкөніске ойып сурет салу – ред.) ден қойған. Бір қызығы, суретшінің бұл салада арнайы білімі жоқ. Бәрін тоқтаусыз ізденіс пен тынымсыз еңбектің арқасында үйренген. Сурет салу үшін қауырсын, шеге, жіп, гипс сияқты материалдардан басқа, гүл мен жапырақты да пайдаланады. Әсіресе, жапыраққа ойып салған бейнелері таңдай қақтырады.

Қанат өз өнері туралы былай дейді: «Мен жапыраққа сурет ою дегеннен гөрі, «карвинг» сөзін қолданамын. Ағылшын тілінен аударғанда «ойып салу» деген мағынаны білдіреді. Өз елімнің патриоты ретінде ең алғашқы еңбегім Қазақстанның мемлекеттік туы болды».



Жапырақтағы бейне



Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОКСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 700 280 63 20)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2284;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Ай-Астана» әуесқолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 күзлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.